## ТЕРАПИЯЛЫҚ ПАЙДАЛАНУҒА РҰҚСАТ ДЕГЕНІМІЗ НЕ? (ары қарай – ТП)?

Спортшыларда дәрі-дәрмектерді немесе процедураларды қажет ететін аурулар немесе жағдайлар болуы мүмкін. Егер ауруды немесе жағдайды емдеу үшін спортшының қолданатын дәрі немесе әдісі Дүниежүзілік допингке қарсы Агенттіктің (ДДҚА) Тыйым салынған тізіміне сәйкес тыйым салынған болса, ТП бұл спортшыға допингке қарсы ережелерді бұзуын және қолданылатын санкцияларды ескермей, жарыс кезінде осы затты немесе әдісті қолдануға рұқсат бере алады. Терапиялық пайдалануға рұқсат алуға арыздар дәрігерлер комиссиясымен – терапиялық пайдалану Комитетімен қарастырылады. Допингке қарсы Ұлттық ұйымның ТП рұқсаты ұлттық деңгейдегі жарыстарда және жарыстан тыс кезеңдерге ғана жарамды.

## ТП-ға РҰҚСАТ АЛУДЫҢ КРИТЕРИЙЛЕРІ:

Төмендегі төрт критерийдің барлығы орындалуы керек (толығырақ ақпарат алу үшін WADA халықаралық стандартының 4.2-бабын қараңыз):

- Тыйым салынған субстанция немесе тыйым салынған әдіс тиісті клиникалық дәлелдермен расталған, диагноз қойылған жағдайды емдеу үшін қажет. Тыйым салынған субстанцияны немесе тыйым салынған әдісті қолдану жеке емдеу емес, қажетті диагностикалық зерттеудің бөлігі болуы мүмкін.

- Тыйым салынған субстанцияны немесе тыйым салынған әдісті терапиялық мақсатта пайдалану спорт нәтижені қосымша жақсартуға әкеліп соқпайды, ауруды емдегеннен кейін спортшының денсаулығының қалыпты жағдайына оралуы күтіледі. Спортшының кәдімгі денсаулық жағдайы – сол жағдай нашарлаған кезде спортшы ТП-ға рұқсат алуға өтінім беруге жүгінуі.

- Тыйым салынған субстанция немесе тыйым салынған әдіс ауруду емдеу үшін басқа да ақылға қонымды ем жоқ жағдайда қолданылады. Дәрігер таңдалған емнің неліктен ең қолайлы екенін түсіндіруі керек, мысалы, тәжірибеге, жанама әсерлер профиліне немесе басқа медициналық себептерге, соның ішінде, мүмкін болса, белгілі бір аймаққа тән медициналық тәжірибеге және препараттың қолжетімділігіне негізделген болса. Сонымен қатар, тыйым салынған субстанцияны немесе тыйым салынған әдісті қолданбас бұрын кез келген балама нұсқаларды сынап көру барлық уақытта қажет емес.

- Тыйым салынған субстанцияны немесе тыйым салынған әдісті пайдалану қажеттілігі бұрын тыйым салынған затты немесе әдісті рұқсатсыз пайдаланудың нәтижесінен туындамайды.

## ТП-ға КІМ ӨТІНІМ БЕРЕ АЛАДЫ? ӨТІНІМДІ ҚАЙДА ЖӘНЕ ҚАЙ КЕЗДЕ БЕРУ КЕРЕК?

Допингке қарсы ережелерге бағынатын спортшылар тыйым салынған субстанцияларды қабылдау немесе тыйым салынған әдісті пайдалану үшін ТП-ға рұқсат алу қажет. Сіз **Қазақстанның допингке қарсы Ұлттық Ұйымынан (ҚазДҚҰҰ)** кімге хабарласу керектігін және өткен күнмен өтінім беру мүмкіндігі туралы білуіңіз керек.

Біріншіден, Сіз қабылдауға немесе қолдануға ниет білдірген қажетті препараттар немесе әдіс Дүниежүзілік допингке қарсы Агенттігінің (ДДҚА) тыйым салынған тізімі бойынша тексеріңіз.

Сіз өзіңіздің дәрігер(лер)іңізге допингке қарсы ережелерге бағынатын спортшы екеніңізді хабарлауыңыз керек. Сіз және сіздің дәрігер(леріңіз) сізге тағайындалған затты/әдісті Тыйым салынғандар тізімінен тексерулеріңіз керек. Егер затты/әдісті қолдануға тыйым салынған болса, басқа да тыйым салынбаған жолдарды талқылаңыз. Егер ондай жоқ болған жағдайда ТП рұқсат алуға өтінім ұсыныңыз. Жауапкершілік спортшыларда екенін ұмытпаңыз. Сұрақтарыңыз болса, ҚазДҚҰҰ-на хабарласыңыз.

**Егер сіз ұлттық деңгейдегі спортшы болып табылсаңыз,** төтенше немесе ерекше жағдайларды қоспағанда, қажет болған кезде ҚазДҚҰҰ-на алдын ала өтініш беруіңіз керек.

Келесі спортшылар ұлттық деңгейдегі спортшылар болып саналады:

(a) Қауымдастықтарды, клубтарды, командаларды немесе лигаларды қоса алғанда, Қазақстандағы кез келген ұлттық федерацияның немесе ұлттық федерациямен байланысты кез келген басқа ұйымның мүшелері немесе лицензия иегерлері болып табылатын спортшылар.

(b) Ұлттық федерация, кез келген еншілес қауымдастық, ұйым, клуб, команда немесе лига немесе Қазақстан Үкіметі ұйымдастырған, мойындайтын немесе басқаратын кез келген жарысқа, іс-шараға қатысатын немесе жарысатын спортшылар.

(c) Аккредитацияның, лицензияның немесе кез келген басқа шарттық келісімнің күшімен Қазақстандағы спорттағы допингпен күрес мақсатында Қазақстандағы ұлттық федерацияның немесе Қазақстандағы кез келген еншілес қауымдастықтың, ұйымның, клубтың, команданың немесе лиганың юрисдикциясына жататын кез келген басқа спортшы.

(d) Ұлттық жарысты ұйымдастырушы немесе кез келген басқа ұлттық лига ұйымдастырған, мойындаған немесе ұйымдастырған кез келген іс-шараға қатысатын және ұлттық федерациямен басқаша байланысы жоқ спортшылар.

Жарыс кезінде тыйым салынған заттар үшін келесі жарысқа дейін 30 күннен кешіктірмей ТП-ға рұқсат алуға өтінім беруіңіз керек.

Егер сіздің деңгейіңіз «ұлттық деңгейден» төмен болса, сіз **ҚазДҚҰҰ** немесе кез келген басқа допингке қарсы ұйымның тестілеуінен өткеннен кейін, ТП-ға рұқсат алуға өткен күнмен өтінім бере аласыз.

**МАҢЫЗДЫ:**

**Қазақстанның допингке қарсы Ұлттық Ұйымымен** берілген ТП рұқсат тек ұлттық деңгейде ғана жарамды. Егер сіз халықаралық деңгейдегі спортшы болсаңыз немесе болғалы жатсаңыз немесе халықаралық жарыстарға қатысатын болсаңыз, тиісті халықаралық федерация (ХФ) немесе ірі спорттық іс-шаралар ұйымы мойындамайынша, бұл ТП рұқсат жарамсыз болып саналады. ҚазДҚҰҰ-ның ТП рұқсаты халықаралық федерациялармен немесе ірі спорттық іс-шаралар ұйымымен автоматты түрде мойындалатынын тексеруге міндеттісіз.

**ҚазДҚҰҰ** сіздің деңгейіңізді және ТП рұқсат алуға қойылған талаптарды анықтауға, сонымен қатар, қажет болған жағдайда, берілген ТП рұқсатты халықаралық федерациялар немесе ірі спорттық іс-шаралар ұйымына ұсынуға көмектесе алады.

## ТП-ға РЕТРОАКТИВТІ РҰҚСАТ ЕТУ

**Спортшыға келесі жағдайларда ТП ретроактивті рұқсат (тыйым салынған субстанцияны және/немесе әдісті қолданғаннан кейін) берілуі мүмкін:**

- **Денсаулығы күрт нашарлағанда жедел медициналық көмек немесе көмек көрсету кезінде;**
- **Жеткілікті уақыт, мүмкіндіктер немесе басқа ерекше жағдайлар болмаған жағдайда, соның нәтижесінде спортшы сынаманы алудан бұрын ТП өтінімін бере алмаған (немесе ТПК қарай алмаған) кезде;**
- **Біздің допингке қарсы ережелерімізге (Қазақстанның допингке қарсы Ұлттық орталығы) сәйкес сізге ТП рұқсат алу үшін алдын ала өтінім беруге рұқсат етілмеді немесе талап етілмеді.**
- **Спортшы ұлттық немесе халықаралық деңгейдегі спортшы болып саналмаса, Халықаралық федерацияның немесе допингке қарсы Ұлттық ұйымның юрисдикциясына жатпаса және тестілеуден өткен болса.**
- **Жарыс кезінде ғана тыйым салынған заттарды (мысалы, глюкокортикоидтар) емдік мақсатта жарыстан тыс кезеңде пайдалану жағдайында.**

Сирек кездесетін және ерекше жағдайларда, терапевтік пайдаланудың Халықаралық Стандартының кез келген басқа да ережелеріне қарамастан, сіз тыйым салынған субстанцияны немесе әдісті, егер бұл Кодекстің мақсаттары үшін айқын әділетсіз болса, терапевтік пайдалануға өтінім бере аласыз және ретроактивті рұқсат ала аласыз.

Бұл ереже спортшы тек жарыс кезінде ғана тыйым салынған затты жарыстан тыс емдік мақсатта пайдаланған, алайда бұл заттың жарыс кезінде ағзада қалу қаупі бар жағдайларында қолданылады.

**МАҢЫЗДЫ:**

Тыйым салынған субстанцияны немесе әдісті ТП рұқсат алмай қолдану, допингке қарсы ережелерді бұзуға әкеліп соғуы мүмкін.

Сынама алынғаннан кейін ТП рұқсат алуға өтінім беру қажет болса, сізге медициналық жазбаларды дайындап, оларды қарауға жіберу ұсынылады.

## ҚАЗДҰҰ-на ТП ӨТІНІМТІ ҚАЛАЙ ТАПСЫРУ КЕРЕК?

Өтініш, ҚазДҚҰҰ ТП тапсырыстың формасын жүктеңіз және оны толтырып қол қойғаннан кейін қажетті медициналық картамен бірге antidopingkaz@mail.ru адресіне жолдаңыз.

ТП өтінімі бас әріптермен немесе мәтінде теру арқылы анық түрде толтырылып берілуі керек.

Медициналық картада келесі ақпараттар болуы қажет:

- Аурудың толық медициналық тарихы, соның ішінде емдеуші дәрігер(лер)дің құжаты (мүмкіндігінше),
- Қолдануға қатысты барлық зерттеулердің, зертханалық зерттеулердің және визуалды зерттеулерінің нәтижелері.

Толық емес немесе түсініксіз ТП өтінім қарастырылмайды, толықтыру және қайта жіберу үшін қайтарылады.

Сізге және сіздің дәрігеріңізге дұрыс медициналық жазбаларды ұсынуға көмектесу мақсатында, ТП өтінім беру процесінде басшылық ету мен қолдау алу үшін ДДҚА-ң Бақылау тізімімен, сонымен қатар, кеңінен тараған аурулар мен оны емдеу әдістері туралы, заттар т.б. сұрақтар бойынша ұсыныстар алу үшін ТПК шешімдерін қолдау үшін медициналық ақпаратпен танысуға кеңес береміз.

ТП өтінім формасының толық көшірмесін және сіздің өтініміңізге қолдау көрсететін кез келген медициналық ақпаратты және оның берілгендігін растайтын құжатты сақтаңыз.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРЫСТАР

Ірі спорттық іс-шараның ұйымдастырушысы спортшылардан тыйым салынған субстанцияны немесе осы оқиғаға байланысты әдісті пайдаланғысы келсе, олардың ТП рұқсатын тануға өтініш беруін талап етеді.

Егер сізде Қазақстанның допингке қарсы Ұлттық Ұйымымен берілген ТП рұқсат бар болса және Олимпиада ойындары сияқты ірі іс-шараға қатысатын болсаңыз, ТП тану процесі туралы ақпарат алу үшін ірі спорт іс-шарасын ұйымдастырушыға хабарласыңыз.

## ТП-ға РҰҚСАТ АЛУ АРЫЗЫ [НЕМЕСЕ ОНЫ ТАНУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШ] БОЙЫНША ШЕШІМДІ МЕН ҚАШАН АЛАМЫН?

ҚазДҚҰҰ-ң ТП комиссиясы мүмкіндігінше тезірек шешім қабылдауы керек, әдетте ТП толық өтініші, оның ішінде қажетті медициналық ақпаратты алған күннен бастап 21 күн ішінде.

## ТП-ға РҰҚСАТТЫ ҚАЛАЙ ЖАҢАРТУ КЕРЕК?

Әрбір ТП жарамдылық мерзімі бар, содан кейін оның мерзімі автоматты түрде аяқталады. Егер сізге тыйым салынған затты немесе әдісті қолдануды жалғастыру қажет болса, сіз мерзімі аяқталғанға дейін және шешім қабылдауға жеткілікті уақытқа дейін, жаңартылған медициналық ақпаратпен қоса ТП рұқсат алуға жаңа өтініш жіберуіңіз керек.

**МАҢЫЗДЫ:**

Тыйым салынған субстанцияның немесе әдістің бар болуы (сынаманы алғаннан кейін), оны қолдану, иелену немесе тыйым салынған субстанцияны немесе әдісті енгізу, сізге берілген ТП берілген рұқсаттың шарттарына сәйкес болуы керек. Сондықтан, егер сізге айтарлықтай басқа доза, енгізу жиілігі мен жолы немесе қабылдау ұзақтығы қажет болса, ҚазДҚҰҰ хабарласуыңыз керек, өйткені ТП жаңа өтініш тапсыру қажет болуы мүмкін.

Кейбір заттар мен дозалар, мысалы, инсулин, емдеу кезінде жиі өзгертіледі және осындай мүмкін болатын ауытқуларды емдеуші дәрігер ТП өтінімінде атап өтуі керек және әдетте Допингке қарсы Ұйымның Терапевтік Пайдалану Комиссиясымен қабылданады.

## ЕГЕР ҚАЗДҚҰҰ ТП-ға ТАПСЫРЫСЫН АЛУЫМА БАС ТАРТЫЛСА?

ТП рұқсат беруден бас тарту туралы шешім бас тартудың себептерін жазбаша түсіндіруді қамтиды. Сұрақтар туындаған жағдайда ТП рұқсат беруге не үшін бас тартылғанын түсіну үшін ҚазДҚҰҰ хабарласыңыз.

Кейбір жағдайларда маңызды ақпарат, диагностикалық тест, зертхананың нәтижелері т.б. болмауы мүмкін. Осындай жағдайда сіз ҚазДҚҰҰерікті түрде толтырылған тиісті өтінішпен келесі тәсілдермен қайтадан жүгінуіңіз керек:

- электрондық пошта арқылы antidopingkaz@mail.ru,

- мекенжай бойынша: **С.Сейфуллин даңғ. 563А, 500 кеңсе, Алматы қаласы, 050012, Қазақстан**

ҚазДҚҰО ТП рұқсат алуға өтінішді қабылдаудан бас тартқан жағдайда, спортшы Кодекстің 13.2.1 және 13.2.2 тармақшаларына сәйкес тек қана апелляцияны қарайтын ұлттық органға шағымдануға құқылы.

*13.2.1. Халықаралық деңгейдегі спортшыларға қатысты өтініштер немесе Халықаралық спорттық іс-шаралар*

*Егер бұзушылық халықаралық спорттық іс-шара кезінде орын алса немесе халықаралық деңгейдегі спортшылар тартылса, шығарылған шешімге апелляция тек CAS беріледі.*

*13.2.2. Басқа спортшыларға немесе басқа тұлғаларға қатысты апелляциялар*

*Допингке қарсы Ұлттық Ұйым белгілеген ережелерге сәйкес 13.2.1-бапта қарастырылмаған жағдайларда шығарылған шешімге тәуелсіз және бейтарап ұйымға шағым жасалуы мүмкін. Мұндай өтініштер келесі принциптерге сәйкес келуі керек: проведение своевременных слушаний;*

- *әділ, бейтарап, операциялық тәуелсіз және институттық тәуелсіз тыңдау;*
- *өз қаражаты есебінен адвокаттың өкілдік ету құқығы; және*
- *жазбаша түрде уақтылы негізделген шешім.*

*Егер жоғарыда сипатталғандай орган жоқ болса және апелляция кезінде қол жетімді болмаса, онда Спортшы немесе басқа тұлға CAS-қа шағымдануға құқылы.*

---

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕДЕРАЦИЯ ҚАЗДҰҰ-Ң ТП РҰҚСАТЫН МОЙЫНДАМАСА ШЕ?

---

Мойындамау туралы хабарламадан кейін мәселені Дүниежүзілік допингке қарсы Агенттікке қарастыруға Сіз немесе ҚазДҚҰҰ 21 күн ішінде жібере аласыз.

Сіз ҚазДҚҰҰ-на берген және олардың Терапевтік пайдалану Комиссиясы өз шешіміне негізделген ақпаратты қауіпсіз онлайн әдісі арқылы немесе пошта арқылы мына мекенжайға жіберуіңіз керек:

WADA Medical Department World Anti-Doping Agency
Stock Exchange Tower
800 Place Victoria (Suite 1700)
P.O. Box 120
Montreal (Quebec) H4Z 1B7
Canada

Өтінімді сұрауға және/немесе карауға жіберуге арналған электрондық пошта мекенжайы: medical@wada-ama.org

Дүниежүзілік Допингке қарсы Агенттіктің шешіміне дейін ҚазДҚҰҰ-ның ТП берілген рұқсаты тек ұлттық деңгейдегі жарыстар мен жарыстан тыс тестілеу үшін жарамды болып қалады. Егер мәселе ДДҚА-ның қарауына жіберілмесе, ҚазДҚҰҰ берілген ТП рұқсаттың түпнұсқасы ұлттық деңгейдегі жарыс және жарыстан тыс тестілеу үшін жарамды болып қала беретінін анықтауы керек.

## МЕН ТУРАЛЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰПИЯ БОЛАДЫ МА?

ТП өтінімінде қамтылған барлық ақпарат, соның ішінде медициналық ақпарат және ТП өтініміңізді бағалауға қатысты кез келген басқа ақпарат қатаң құпия болып табылады және ADAMS ТП процесінде спортшының өтінішіне сәйкес өңделеді. ТПК-ның барлық мүшелері және сіздің ТП рұқсат сұрауыңыздың және оған қатысты ақпаратты басқа да уәкілетті алушылары (Спортшы өтінішінде сипатталғандай) кәсіби немесе келісімшарттық құпиялылықты сақтауға міндетті.

Өтініш, спортшының арызындағы шарттармен мұқият танысып шығыңыз. Атап айтқанда, егер сіз ҚазДҚҰҰ-ның ТПКның спортшы өтінішіне сәйкес ТП өтініміне қатысты ақпаратты алу құқығынан бас тартқыңыз келсе, сіздің ТП өтініміңіз рұқсатсыз кері қайтарып алынған деп есептелетінін ескеріңіз.

Сіздің ТП өтініміңізге қатысты ақпаратты құпиялылық пен жеке ақпаратты қорғаудың Халықаралық стандартына сәйкес, спортшының өтінішінде көрсетілген мақсаттар үшін қажет болғаннанға дейін ҚазДҚҰҰ және басқа уәкілетті алушылар сақталынады.

## БАЙЛАНЫС ҮШІН

ТП өтінімнің бланкісі kaznadc.kz сайтында Терапевтік пайдалану бөлімінде орналасқан. ТП өтінімді спортшылар ҚазДҚҰҰ келесі жолдармен ұсыныла алады:

- электрондық пошта арқылы antidopingkaz@mail.ru ,
- мекенжай арқылы: С.Сейфуллин даңғылы 563А, 500 кеңсе, Алматы қ., 050012, Қазақстан

## БАСҚА ДА ПАЙДАЛЫ СІЛТЕМЕЛЕР

WADA International Standard for Therapeutic Use Exemptions (ISTUE)

WADA Checklists for TUE Applications

WADA Guidelines for the 2021 International Standard for Therapeutic Use Exemptions (ISTUE)

WADA Anti-Doping Education and Learning (ADEL)